Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. — Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 б.

Нұрпейісұлы К. (1997). Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. – 3-5 б.

Сыздықова Р. (1990). Ахмет Байтұрсынов. – Алматы: Қазақ ССР Білім қоғамы. – 49 б.

References:

Baitursynov A.(1989). Shyǵarmalary: óleńder, aýdarmalar, zertteýler. Almaty: Jazýshy – 318b.

Baitursynov Ahmet. (1992). Til taǵylymy. Almaty: Ana tili, - 444b.

Baitursynuly A. (2005). Bes tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. Almaty: "Alash", -352b.

Baitursynov A.(2013). Qazaq til biliminiń máseleleri. Almaty: Ana tili, - 640b.

Imahanbet R. (2013). Alashtyń Ahmeti. – Almaty: Resp. Ǵyl.-táj. konf. Materialdary.-Qaraǵandy: "TENGRİ Ltd". – 382b.

Imahanbetova R., Baidebekov Q.(2010). "Ulaǵatty ult ustazy". – Almaty: "Sardar" baspa úii, -376b.

Kákishev S. (1992). Ahań týraly aqıqat. – Almaty: Qazaqstan. – 109 b.

Qazaqstan tarihy (kóne zamannan búginge deyin). Bes tomdyq. 3-tom. — Almaty: "Atamura", 2002. - 768 b.

Nurpeisuly K.(1997). Ǵasyr basyndaǵy ulttyq intelligensia. – Almaty: Egemen Qazaqstan. – 3-5 b.

Syzdyqova R. (1990). Ahmet Baitursynov. – Almaty: Qazaq SSR Bilim qoǵamy. – 49b.

The theoretical basis of the scientific and methodological heritage of Akhmet Baitursynov

SHARIPOVA Karlygash Adilkyzy

2nd year master's student of the Institute of Philology and multilingual education
of the Abai Kazakh national pedagogical University
Almaty/Kazakhstan

Abstract. *The author of the article shares information about the methodology of Akhmet Baitursynov – the largest person who occupies a special place in the political and cultural life of the Kazakh society in the first decades of the twentieth century. Ahmet Baitursynuly is the spiritual leader of his people, a wise son who "sows the seeds of honesty". He is a co-owner who*

has worked for one institute or a dozen authors to date. In particular, Akhmet Baitursynuly is a reformer who created a national script for six million Kazakhs of that period, a public figure who made efforts to teach Kazakh children in their native languages, the author of "alphabets", textbooks for teaching children the Kazakh language in national schools, a linguist who laid the foundation of the national science-Kazakh linguistics; the first scientist-philologist, representing the theory of Kazakh literary studies, the first scientist-culturologist, researcher of the history of the culture of the people, teacher-innovator, presenting the methodology of teaching the native language in a new way, one of the organizers of Kazakh science, one of the first professors of the Kazakh language and literature, who laid the foundation of our national Academy today. The main of these names is the art critic of the Kazakh word, the art critic of the Kazakh language.

Keywords: methodology of language teaching, methodologist, scientist, nationalist.

Теоретическая основа научно-методического наследия Ахмета Байтурсынова

ШАРИПОВА Карлыгаш Адилевна

Магистрант 2 курса Института филологии и полиязычного образования
Казахского национального педагогического университета имени Абая
Алматы/Казахстан

Аннотация. Автор статьи делится информацией о методологии Ахмета Байтурсынова – известного просветителя, занимающего особое место в политической, культурной жизни казахского общества в первые десятилетия XX века. Ахмет Байтурсынов – духовный лидер своего народа, мудрый сын, "сеющий семена честности", реформатор, создавший национальную письменность для шести миллионов казахов того периода, общественный деятель, который приложил усилия для обучения казахских детей на родном языке, автор алфавита, учебников для обучения детей казахскому языку в национальных школах, ученый-лингвист, заложивший фундамент национальной науки – казахского языкознания; первый ученый-филолог, представивший теорию казахского литературоведения, ученый-культуролог, исследователь истории культуры народа, педагог-новатор, по-новому представляющий методiku преподавания родного языка, один из организаторов казахстанской науки, один из первых профессоров казахского языка и литературы, заложивший фундамент национальной академии.

Ключевые слова. методика преподавания языка, методист, ученый, националист.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМАҒА СӘЙКЕС ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

ДҮЙСЕМБИЕВ Марат Жолдасбекұлы
х.ғ.к., Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Химия кафедрасының доценті
Шымкент/Қазақстан
e-mail: m.duisembiev@mail.ru

РАИМБЕКОВА Дилноза Шухратбекқызы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Химия кафедрасының магистранты
Шымкент/Қазақстан

Андатпа. Жаңартылған бағдарлама негізінде химияны оқытудың тиімділігін арттыру мәселесі бойынша білім алушыларға білім беру мен тәрбиелеудің сапасын көтеруді, оқытудың ғылыми жоғары дәрежеде қамтамасыз етілуін, білімалушылардың ғылым негіздерін тиянақты меңгеруін қамтамасыз етуді, еңбекке баулу мен кәсіптік бағыт беру жұмыстарын түбегейлі өзгертуді қажет етілетіндігі баяндалған. Осы орайда алға қойылған өзекті мәселелердің дұрыс шешімін таба алуда әрбір өтілетін сабақтардың тиімділігін сапасын арттыру мәселелері қамтылған. Жаңартылған бағдарламаға сәйкес химияны оқыту тиімділігін арттыруда көрсетілген талаптарға сай жұмыс істеу арқылы студенттердің, магистранттардың берілген оқу материалдарын жақсы игеруге оңша қиналмай, сабаққа деген үлгерімдерін толықтай арттыра алады және де оқытушылардың оқу материалдарын дұрыс іріктеп алуына жәрдем ететіндігі мінсіз. Белгілі бір система параметрінің басқарылып отырған процесі туралы ақпарат алуды қамтамасыз ету және кері бағытта ақпарат алу. Химия пәнінің оқытылу процесінің тұра және кері бағытын қарастыра отырып, оқытушы кері бағыттағы ақпаратқа анализ жасай отырып, оқушының қалай жұмыс істегеніне, ақпаратты қалай қабылдап, қалай қосымша жұмыс істегеніне баға береді. Химия пәні бойынша қатал түрде берілген білім және оның қорытындысы оқытушыға қандай жолмен сапалы білім беруге болатынын анықтап береді. Химия пәні әрбір есепті шығару, сапалы білім жолына жету жолы қажырлы еңбекті және күнделікті практиканы талап етеді. Алдыға нақты бір мақсат қою арқылы көптеген шешімі жоқ есептерді шешуге болады, бұл оқытушының балаларды жігерлендіріп, талтынуына жол ашады. Білім алушыларға қазіргі талапқа сай келетін ғылыми-сапалы білім беріп оқыту және де сұранысқа сәйкес бәсекеге қабілетті етіп оқыту, сындарлы тәрбиелеу педагогикалық ғылымы саласындағы жаңартылған әдіснамалық негіздегі ғылыми зерттеу жұмыстарын заман талабына сай жүргізу талап етіліп отыр.

Кілт сөздер. Жаңартылған бағдарлама негізінде химияны оқытудың тиімділігін арттыру, ұрпақ тәрбиесі, білім мен өнеге берудің тиімділігі, білім алушылардың күзiреттiлiгi.

Кіріспе. Жалпы білім беретін және кәсіптік мектептерде талапқа сай жаңартылған бағдарлама аясында негізгі бағыттарында көптеген маңызды мәселелер көтерілген. Жаңартылған бағдарлама негізінде білім алушыларға білім беру мен тәрбиелеудің сапасын көтеруді, оқытудың ғылыми жоғары дәрежеде қамтамасыз етілуін, білім алушылардың ғылым негіздерін тиянақты меңгеруін қамтамасыз етуді, еңбекке баулу мен кәсіптік бағыт беру жұмыстарын түбегейлі өзгертуді қажет етеді. Осы орайда алға қойылған өзекті мәселелердің дұрыс шешімін таба алуда әрбір өтілетін сабақтардың тиімділігін сапасын арттыру ерекше орын алады.

Жаңартылған бағдарлама негізінде білім алушылар тек сабақ кезінде ғана емес химиялық өндіріс, химияның халық шаруашылығының әр саласындағы орны жайлы, әлемде, зертханаларда, өндіріс орындарында болатын химиялық құбылыстар туралы түсініктерді жинақтап, оларды бақылай білуге және де әртүрлі заттармен өздігінен жұмыс істеуге машықтанып үйренеді, сонымен бірге олардың қоғамның үдерісіне сай адамгершілігі, патриотизмі, диалектикалық тұрғыдағы ой-өрісі дамиды.

Зерттеу әдісі. Сабақ барысында білім алушыларға әңгіме болып отырған материалдағы негізгі мәселелерді таңдай ала білуге, әрбір жаңа түсінік ұғымдар арасындағы өзара байланыс, ғылыми ұғымдардың практикалық маңызы, сонымен қатар: салыстыру, анализдеу, синтездеу, жалпылама тұжырым жасау тәсілдері беріледі.

Талқылау. Жаңартылған бағдарлама негізінде білім алушыларды оқытуда жетілдірілген бағдарламаларда берілген барлық әдістемелік аппараттарды дұрыс қолдана білудің де көптеген септігі әсер етеді (Андреев, 2015, 54 б.).

Жаңартылған бағдарламаны пайдалану барысында білім алушылар мына келтірілген бағыттарда толықтырылып, жетілдірілген, оның жан жақты тәрбие беру әлеуеті дамытылған, химия пәні материалдарын толықтай меңгеріп түсінуге жеңіл етіп құрастырылған, онда білім алушылардың келешекте еңбекке, кәсіптік бағдар алуға деген икемділігін қалыптастыратын бағыттар баса орын алады. Бұл мектептерде, жоғары оқу орындарында білім беру реформасының талаптарын орындау істеріне ұласып жатады.

Химияның жетілдірілген жаңартылған бағдарламаны пайдалану барысында тек қана білім алу талаптары көрсетіліп қоймай, онда білім алушылардың алған білімдерін берілген әрбір заттардың тиісті топтарын оқып игеруде дұрыс пайдалана білуі, химиялық зертханалық тәжірибелерді жасай алуы, химиялық формулалар және теңдеулер бойынша есептеулерді шығара білуі мәлімделген (Артемов, 2001, 112 б.).

Жаңартылған бағдарламаға сәйкес химияны оқыту тиімділігін арттыру мақсатында ақпараттық – интербелсенді үдерістерді оқу тәрбие үрдісіндегі қолдану білім алушылардың өз мамандығына деген қызығушылығын арттырып,

шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми дәйекті көзқарастарын жетілдіріп, мамандыққа байланысты таным сапасын арттыра отырып, еңбек нарығы жағдайында бәсекеге қабілетті тұлғаларды әзірлеудегі атқарар үлесі көп екендігін білеміз (Архангельский, 2014, 240 б.). Интерактивті оқыту әдісінің білім алушыларға тигізер пайдасы жайлы төмендегі I кестеде келтіріп отырмыз.

Кесте 1. Интерактивті оқыту әдісінің білім алушыларға тигізер пайдасы




Жаңартылған бағдарламаға сәйкес химияны оқыту тиімділігін арттыруда көрсетілген талаптарға сай жұмыс істеу арқылы студенттердің, магистранттардың берілген оқу материалдарын жақсы игеруге онша қиналмай, сабаққа деген үлгерімдерін толықтай арттыра алады және де оқытушылардың оқу материалдарын дұрыс іріктеп алуына жәрдем ететіндігі мінсіз (Атанов, 2016: 132). Белгілі бір система параметрінің басқарылып отырған процесі туралы ақпарат алуды қамтамасыз ету және кері бағытта ақпарат алу. Химия пәнінің оқытылу процесінің тура және кері бағытын қарастыра отырып, оқытушы кері бағыттағы ақпаратқа анализ жасай отырып, оқушының қалай жұмыс істегеніне, ақпаратты қалай қабылдап, қалай қосымша жұмыс істегеніне баға береді. Химия пәні бойынша қатал түрде берілген білім және оның қорытындысы оқытушыға қандай жолмен сапалы білім беруге болатынын анықтап береді. Химия пәні әрбір есепті шығару, сапалы білім жолына жету жолы қажырлы еңбекті және күнделікті практиканы талап етеді. Алдыға нақты бір мақсат қою арқылы көптеген шешімі жоқ есептерді шешуге болады, бұл оқытушының балаларды жігерлендіріп, талпынуына жол ашады (Атутов, 2013, 9 б.). Тапсырмалардың 4 типін қарастыра аламыз.

Нәтижелері. Сипатталған тапсырма. Зерттелініп жатқан бөлімнің нақты сипатының болуы. Бұл типті қарастыру үшін ең бірінші бақылау, химиялық

эксперимент және өлшеулер жүргізіледі. Осы типке мысал келтіре кетсек: Көміртек оксидін (IV) әк суының ерітіндісіне араластырғанда болатын процессті анықта. Бұл типке келтірілерін барлық мысалдан өз ерекшеліктерімен бағаланады: а) нақты заттармен, объектілермен практикалық жұмыс жасау; б) бақылаудың, химиялық эксперименттің және өлшеулердің қорытындысы белгілі бір фактілермен сипатталып жазылуы тиіс (Атанов, 2016, 132 б.). Түсіндірмелі тапсырмалар. Бұл типпен жұмыс жасау оқушылардың белгілі бір білім дәрежесін талап етеді. Мысалға, қандай жолмен синтез аммиагының дайын өнім ретінде шығарылуын арттыруға болады? Ортақ ерекшеліктерін атай отырып, келесі түрде атап өте аламыз: а) Бұл тапсырманы нақты бір объектілермен байланысты қарастырамыз. Алайда, бізге шектеліп қалған ақпараттарды пайдалану жеткіліксіз болады. Ол механизмді және қарастырып отырылған іс әрекетті фактілермен атап корсететін ақпарат болуы тиіс. Мысалға, бұл типтегі тапсырмаларды шешу үшін: не үшін бромид натрий ерітіндісіне хлорлы суды қосқанда су өз күйін өзгертеді? – деген сұраққа жауап беру үшін оқушылар галогеннің салыстырмалы белсенділігін білуі міндетті. б) Түсіндірмелі тапсырманы сипаттау барысында барлық фактілер бір бірімен байланысты және нақты анықталған болуы тиіс.

Шығармашылық тапсырмалар. Шығармашылық тапсырмаларды шешу барысында оқушы жаңа мәліметтерді өз бетінше ізденудің арқасында алады. Бұл тапсырмалар міндетті және сипаттама типіндегі тапсырмалардан біраз ерекшеленеді. Олардың ерекшеліктері келесідей:

Кесте 2. Шығармашылық тапсырмаларды шешу барысы



1. Білім меңгеру концепциясының, оқушылардың ассоциация байланыс негізіндегі білімді қабылдауы яғни, ассоциативті-рефлекторлық тұжырымдамасы.

Осы теорияны ашуға Ю.А.Самарин, Д.Н.Богоявленский, Н.А.Менчинский, В.В.Давыдовтың, Д.Б.Элконин және т.б. еңбектенді.

2. Ақыл-ойды қалыптастыру барысындағы теория. Осы теорияның негізін салушылар (П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызин және т.б.) басқару процесін қалыптастырып, ақыл-ой (ішкі) және практика (сыртқы) жүзінде жетілдіруді бағалайды.

3. Алгоритмдей арқылы оқыту теориясы (И.И.Тихонов, Т.А.Ильина, А.Я.Лернер, В.П.Беспалько және т.б.) процесті басқару мезетіндегі қажетті шарттарды арнайы бағдарламаның (алгоритм) әрекет реттілігінен анықтайды (Коваль және Сысоева, 2013, 180 б.).

Химияны оқыту барысында сол және өзге де теорияны белгілі бір мақсаттар түріне байланысты қолдану аса маңызды орын алады. Бұл ретте сабақтың түрлі кезеңдеріне байланысты танымдық тапсырмалардың түрлері өзгеріп отырады.

Осы кезеңде мұғалімге жаңа мағлұматтарды бандану барысында танымдық тапсырмалардың бірнеше түрлері қолданылады:

1. Жаңа іс-әрекеттерге оқушыны бағыттау мақсатында қолданылады, мәселен: Қышқыл ерітіндісінің белсенді металмен әрекеттескен жағдайда сутегінің бөлінеді; азот қышқылының магниймен әрекеттескенде не байқалатындығын зерттеп, түсіндіріңіз.

2. Ертеректе алған білімдерін қолдана отырып, сұрақ – тапсырмалар ойнату: хлорсутекті алу үшін зертханада эдвиометрді қолдануға болады ма?

3. Таспсырманы түсіну, білімін қолдану. Мысалы, кальций оксидін ашық ыдыстарда қалай сақтауға болатындығын түсіндіріңіз.

4. Тапсырма іскерлігін жаттықтыру; алынған дағдыларды қорытындылап, автоматизациялау келесідегілердің қайсы бір түріне жатқызуға болады; сутегіні мүмкіндігінше ең ықтимал әдіс-тәсілдермен жинап, оның тазалығын тексеріңіз (Мұхамбетжанова және Мелдебекова, 2014, 180 б.).

Химияны жанартылған бағдарлама бойынша оқыту барысында білім алушылардың таным-құзыреттілігі сапасын ұжымдық оқыту әдісі арқылы дамыту студенттердің, магистранттардың жоғарғы деңгейдегі таным-құзыреттілік қабілетін шыңдауға негіз бола алады. Қазіргі кезеңде ғылыми педагогикада саласында оқу қызметін қалыптастыру аясында дәріс берудің дамытушы фактор мен тәрбие беруші әсерінің пәрменділігін дамыту көзделіп, білім берудегі басты басымдылық жеке дара тұлғаны дамытып, сонымен бірге тәрбиелеу мәселесін күшейту болып тұр. Біз ұсынып отырған әдіс-тәсіл әрбір студенттің бір уақытта қабілетін, мүмкіндік мөлшерін толықтай жұмсап, өз бетінше еңбек істеуіне мүмкіндік береді (Харламов, 2015, 7 б.). Химияны жанартылған бағдарлама негізінде оқытуда жаңалық болып таралып жатқан ұжымдық оқыту әдісі оқыту үдерісін ұйымдастырып, қажет жағдайда болса еленбей жүрген әдісі ретінде оқыту үрдісінде қажеттілік тауып, орнығып барады. Осы әдіс-тәсілдің артықшылығы білім алушы мен оқытушы арасындағы қарым-қатынасты жандандырады (Педагогический энциклопедический словарь, 2012, 320 б.).

Ұжымдық оқыту әдіс-тәсілін ұйымдастыру үшін 4 түрлі жағдайдағы тәсілдерді пайдалануды ұсынамыз:

Кесте 3. Ұжымдық оқыту әдіс-тәсіл



Химия пәнін жанартылған бағдарлама арқылы оқыту кезінде сабақтарды жоспарлау барысында сабақ беруші оқытушылар ескеруі қажет біраз келелі мәселелерді айта кетуді жөн көріп отырымыз.

Өткізген сабағымның негізгі мақсаты қалай өрілді? Берілген сабақтың тиісті бөлімі білім алушыларды белгілі бір мақсатқа жетуге жетелей ала ма?

– Білім алушылар іс жүзінде не і атқара алады? Мен білім алушыларды қалай қызықтырып сонымен бірге не істей алатындығын және де олар қандай нәтижелі биіктікке қол жеткізу мүмкін болатындығын қалай ұғындырамын?

– Білім алушылар сапалы білімді толық меңгергендігін қалай біле аламын?

– Егер біз білім алушылардың орнында болар болсақ , осының барлығын қалай меңгерер едім?

– Білім алушыларға жәрдем беріле ме / Ынталыландырыла ма? Қосымша қажетті мәліметтер ала ма?

– Химия пәнін жанартылған бағдарлама арқылы оқыту қаншалықты тиімді? Білім алушыларға көп жақсы нәтижелерді түсіндіруді қажетқылатын қызықты, әсерлі сұрақтар, дыбыс-бейне құрал жабдықтарын пайдалану кезіндегі туындайтын қиындықтар мәселесі, сонымен қатар кей біреулердің сырттан рұқсатсыз еніп келуі жағдайлары сияқты күтпеген мәселелер туындайтын болса, оларды қалай шешуімізге болады?

– Оқушылар, студенттер, магистранттар ұсынып отыратын кері байланысқа қатысты жағдайларды, оларды қалай жіктейміз, жазып және де талқылаймыз?

Жанартылған бағдарлама негізінде химияны оқытудың тиімділігін арттыру мәселесі бойынша білім алушыларға қазіргі талапқа сәйкес ақпараттық

техникалық жабдықтарды сонымен қатар үдерістер негіздерін игеріп ғана қоймай, оларды тиімді пайдалана білуді, ғаламтор, яғни ғаламдық ақпарат жетістіктерін өздерінің танымдық сапасын нығайту ізденістер жұмыстарын пайдалана білуі қаралған. Дегенмен де, осы айтылып отырылған мәселелер іргелі ғылыми зерттеулер жұмыстарын қажет етіп отырған ойланатын мәселе.

Қорытынды. Білім алушыларға қазіргі талапқа сай келетін ғылыми-сапалы білім беріп оқыту және сұранысқа сәйкес бәсекеге қабілетті етіп оқыту, сындарлы тәрбиелеу педагогикалық ғылымы саласындағы жаңартылған әдіснамалық негіздегі ғылыми зерттеу жұмыстарын заман талабына сай жүргізу талап етіліп отыр. Жаңартылған бағдарлама негізінде химияны оқытудың тиімділігін арттыру барысында білім алушылардың танымдық сапасын жетілдіру мәселелері төңірегінде айтулы бір педагогикалық үдерістердің оқу үрдісіне енгізу үшін жақсы жағдайларды жасайды, барлығының білімге деген ынтасын арттыру мақсатында, оқу үрдісін жан-жақты тиімді пайдалану барысына мүмкіндік қарастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Андреев А.А. (2015). Компьютерные и телекоммуникационные технологии в сфере образования / А.А.Андреев //Школьные технологии. №3. – 154-169 с.

Артемов А.В. (2001). Модульно-рейтинговая система / А.В. Артемов, И.Н. Павлов, Т.П. Сидорова // Высшее образование в России. – № 4. – 121-125 с.

Архангельский С.И. (2014). Учебный процесс в среднем специальном звене, его закономерные основы и методы: учеб.-метод. пособие / С.И.Архангельский. – М.: Высш. шк. – 368 с.

Атанов Г.А. (2016). Деятельностный подход в обучении / Г.А. Атанов. – Донецк: ЕАИ-Пресс. – 160 с.

Атутов П.Р. (2013). Технологии и современное образование / П.Р. Атутов // Педагогика. – № 2. – 11-14 с.

Батышев С.Я. (2017). Блочно-модульное обучение / С.Я.Батышев. – М.: – 248 с.

Коваль Т.И., Сысоева С.А., (2013). Подготовка преподавателей высшей школы: информационные технологии в педагогической деятельности: Учебно-методическое пособие. – К: Изд. Центр КНЛУ. – 280 с.

Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. (2014). Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа». – 132 б.

Харламов Ф.И. (2015). «Активизация учение школьников». – Минск, «Нар Асвета». – 71 с.

(2012). Педагогический энциклопедический словарь. – М.: Большая рос.энцикл. – 528 с.

References:

- Андреев А.А. (2015). Компьютерные и телекоммуникационные технологии в сфере образования / А.А.Андреев //Школьные технологии. №3. – 154-169 с.
- Артемов А.В. (2001). Модульно-рейтинговая система / А.В. Артемов, И.Н. Павлов, Т.П. Сидорова // Высшее образование в России. – № 4. – 121-125 с.
- Архангельский С.И. (2014). Учебный процесс в среднем специальном звене, его закономерные основы и методы: учеб.-метод. пособие / С.И.Архангельский. – М.: Высш. шк. – 368 с.
- Атанов Г.А. (2016). Деятельностный подход в обучении / Г.А. Атанов. – Донецк: ЕАИ-Пресс. – 160 с.
- Атутов П.Р. (2013). Технологии и современное образование / П.Р. Атутов // Педагогика. – № 2. – 11-14 с.
- Батышев С.Я. (2017). Блочно-модульное обучение / С.Я.Батышев. – М.: – 248 с.
- Коваль Т.И., Сысоева С.А., (2013). Подготовка преподавателей высшей школы: информационные технологии в педагогической деятельности: Учебно-методическое пособие. – К: Изд. Центр КНЛУ. – 280 с.
- Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. (2014). Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа». – 132 б.
- Харламов Ф.И. (2015). «Активизация учение школьников». – Минск, «Нар Асвета». – 71 с.
- (2012). Педагогический энциклопедический словарь. – М.: Большая рос.энцикл. – 528 с.

Improving the effectiveness of teaching chemistry in accordance with the updated program

DUISEMBIYEV Marat Zholdasbekovich

Ph.D., Associate Professor, Department of Chemistry
South Kazakhstan State Pedagogical University
Shymkent/Kazakhstan

RAIMBEKOVA Dilnoza Shuhratbekovna

Master's student of the Department of Chemistry
South Kazakhstan State Pedagogical University
Shymkent/Kazakhstan

Abstract. *In order to increase the effectiveness of teaching chemistry on the basis of the updated program, it is envisaged that students need to improve the quality of education and*

training, ensure a high level of scientific education, ensure deep mastery of the basics of natural science, it is necessary to build the learning process not only as a process of mastering the system of knowledge, skills and competencies that make up the instrumental basis of the student's educational activity, but also as a process of personality development, the adoption of spiritual, moral, social, family and other values. The introduction of modern teaching technologies and their systematic use contributes to improving the quality of learning, motivation, the formation of functional literacy of students and key competencies, the development of potential abilities of students .. New technologies provide new opportunities for the formation of personal potential and ensuring the success of the graduate Today, the use of modern educational technologies that provide x personal development of students by reducing the share of reproductive activity (reproduction of what is left in memory) in the educational process can be considered as a key condition for improving the quality of education, reducing the workload of students, more efficient use of study time. Development of cognitive and creative interests among students is facilitated by various types of technologies.

Keywords. *Improving the effectiveness of teaching chemistry based on the updated curriculum, educating the next generation, teaching and example effectiveness, student competence.*

Повышение эффективности преподавания химии в соответствии с обновленной программой

ДУЙСЕМБИЕВ Марат Жолдасбекович

к.х.н., доцент кафедры Химии

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет

Шымкент/Казахстан

РАИМБЕКОВА Дилноза Шухратбековна

магистрант кафедры Химии

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет

Шымкент/Казахстан

Аннотация. *В целях повышения эффективности обучения химии на основе обновленной программы предусмотрено, что студентам необходимо повысить качество обучения и подготовки, обеспечить высокий уровень научно образования, обеспечить глубокое овладение основами естествознания, необходимо выстраивать процесс обучения не только как процесс усвоения системы знаний, умений и компетенций, составляющих инструментальную основу учебной деятельности учащегося, но и как процесс развития личности, принятия духовно-нравственных, социальных, семейных и других ценностей. Внедрение современных технологий обучения и их систематическое использование способствует повышению качества обучения, мотивации, формированию функциональной грамотности учащихся и ключевых компетенций, развитию потенциальных способностей учащихся. Новые технологии дают новые возможности по формированию личностного потенциала и обеспечению успешности учащихся. На сегодняшний день использование современных образовательных технологий, обеспечивающих личностное развитие учащихся за счет уменьшения доли*

репродуктивной деятельности (воспроизведение оставшегося в памяти) в учебном процессе, можно рассматривать как ключевое условие повышения качества образования, снижения нагрузки учащихся, более эффективного использования учебного времени. Развитию познавательных и творческих интересов у учащихся способствуют различные виды технологий.

Ключевые слова. *Повышение эффективности преподавания химии на основе обновленной программы, воспитания следующего поколения, эффективности обучения и примера, компетентности студентов.*

БИЛИНГВИЗМ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ДЕФЕКТОЛОГТАРДЫҢ ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

ЖҰБАТЫРОВА Ботағоз Таңжарбайқызы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
«Арнайы білім беру» кафедрасының докторанты

Алматы/ Қазақстан

e-mail: botagoz.alga@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада білім алушыларды таңдаған мамандығы бойынша екі тілде оқыту жолдары қарастырылады. Ғылым салаларынан өз уақытының қоғамдық-әлеуметтік сұранысын қанағаттандыратын зерттеулерді талап етуі – заңды құбылыс. Бұл айтылғандар зерттеу жұмысының өзегін құрайтын билингвизм жағдайында болашақ дефектологтардың тілдік құзыреттілігін дамыту мәселесіне де қатысты. Еліміздің экономикасының, халықаралық мәдени саласының қарқынды дамуы, еңбек нарығына даярланып жатқан болашақ мамандарға да көптеген талаптар қояды. Жасөспірімдерге терең білім және жан-жақты тұлға ретінде тәрбиелеу үшін болашақ маман өзі де кәсіби құзыретті маман болуы қажет. Оның бір көрсеткіші - бірнеше тілді меңгерген маман екені атап өтіледі. Мақалада оқыту әдісі, белсенді оқыту әдістері және белсенді әлеуметтік-психологиялық оқыту әдістері ұғымдары талданады. Мақалада жаһандану жағдайында білім алушылардың билингвалдық құзыреттілігі бойынша оқу-жаттығуларды зерттеудің маңызы көрсетілген. Қойылған мақсат – болашақ мамандардың тілдік құзыреттілігін дамыту, кәсіби қызметтегі міндеттерді шешу үшін тіл және сөйлеу жүйесі туралы білімді пайдалану, коммуникативтік-танымдық дағдыларды және сөйлеу-тілдік дағдыларды дамыту арқылы қол жеткізіледі. Қазақ және орыс тілдерін кәсіби бағытталған деңгейде оқытудағы тәсіл таңдалған мамандықты меңгеру құралы ретінде қарастырылады.

Кілт сөздер. Құзыреттілік, тілдік құзыреттілік, билингвизм, оқыту әдістері, тәсілдер, сөйлеу әрекетінің түрлері.

Кіріспе. Еліміздегі билингвизм жағдайындағы болашақ педагогтардың тілдік құзыреттілігі кәсіптік идеясына негізделеді, өйткені біздің мемлекетіміздің көпұлтты кеңестігі екі тілдің (қазақ және орыс) тілдік және сөйлеу дағдыларын меңгеруді талап етеді. Егер білім алушы осы тілдер бойынша белгілі бір біліммен мектептен келсе, онда болашақ мамандарды университеттік даярлау процесінде олар кәсіби деңгейде дамытылады. Кәсіби міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін билингвалдық тілдік құзыреттілікті дамыту процесі жүреді. Аталған фактілер билингвалды оқу материалдары негізінде білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту қажеттілігін көрсетеді. Педагог өзі түсінетін тілде білім алуға құқығы бар балалармен жұмыс істейтінін ұмытпайық. Заманауи арнайы педагог, қажет болған жағдайда, бір тілден екінші тілге еркін

ауысу қабілетіне ие болуы керек, яғни қос тілді маман болуы шарт. Болашақ дефектологтардың билингвизм жағдайындағы тілдік құзыреттілігі – бұл құзыреттерді меңгерумен және мақсатына жету үшін: екі тілдің тілдік жүйесі бойынша білімін (Білім алуда ерекше қажеттілігі (БАЕК) бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде, дамуын болжау және диагностиканы игеруде билингвалды білімді пайдалану); мотивацияларын (жеке және кәсіби жетілуге ұмтылу), құндылықтарын (тілдерді игеруді, түзете-дамыту педагогикалық қызметіне құндылық ретінде көзқарас, БАЕК бар тұлғаларға эмпатиялық көзқарас), дағдыларын (қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау үшін дұрыс тілдік құралдарды таңдау; электрондық ресурстармен және Интернет-көздермен жұмыс істеу; өзінің тілдік әрекеттерін рефлексиялау; өз мүмкіндіктерін бағалау), қабілеттерін (қажет болған жағдайда бір тілден екінші тілге ауыса отырып, бала мен ата-аналарға ана тілінде консультациялық, әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету) тиімді іске асырумен сипатталатын тұлғаның интеграцияланған кәсіби маңызды сапасы. Бұл қасиеттер жоғары оқу орындарында даярлау барысында кәсіби бағытталған оқу материалдары, түрлі жұмыс түрлері негізде дамиды.

Көптеген бақылаулар жеке кәсіби қалыптасу кезеңінде қайшылықтар туындайтындығын дәлелдейді, оларды шешу маман ретінде тұлғаның дамуына әкеледі. Бұл – жеке тұлға мен жеке тұлғаға сыртқы талаптар арасындағы, адамның қалыптасқан қасиеттері мен осы мамандықтың талаптары арасындағы, ішкі көзқарастар мен сыртқы жағдайлар, факторлар арасындағы қайшылықтар.

Болашақ маманның кәсіби дайындығында білім алушылардың оқу іс-әрекетінде мотивациясы мен жеке белсенділігі маңызды орын алады.

Еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратын, осы саланың басқа мамандарымен бәсекелесуге қабілетті білікті маман даярлау жоғары кәсіптік білім берудің басты мақсаты болып табылады. Педагогикалық практикада адамды оқыту мәселесі әрқашан өзекті болып қала береді. Зерттеушілер кез-келген жастағы адамның оқу процесін бақылай отырып, «оқыту әдістері» деп аталатын педагогтар мен білім алушылардың іс-әрекетінің көптеген түрлеріне назар аударды. Ғылыми әдебиеттерде зерттеушілік «әдіс» термині («methodos» грек сөзінен шыққан) ақыл-ой әрекетінің жолын білдіреді, ал тәсіл таңдалған әдісті жүзеге асыру құралы ретінде қызмет етеді деген және көптеген ғалымдар бұл пікірмен келіседі (Сластенин, 2002), (Смирнов, 2001), (Подласый, 1999), (Коджаспирова, 2020), (Голованова, 2020), (Савенков, 2020).

Педагог-ғалымдардың пікірінше, оқыту әдістері – бұл оқу процесінде тұлғаның танымдық және практикалық қызметін ұйымдастыру бойынша арнайы, мақсатты педагогикалық іс-әрекеттер. Оқыту әдістерінің анықтамаларының осы алуан түрінде бағдарлау үшін оларды жіктеу қажет. Қазіргі дидактикада ең көп қабылданған – танымдық іс-әрекеттің сипаты бойынша оқыту әдістерінің жіктелуі (И.Я. Лернер, М.Н. Скаткин, М.И. Махмутов, В.В. Краевский). Авторлар оқыту әдісі – бұл педагогтың білім алушылардың танымдық іс-әрекетін жобалау әдісі деп мәлімдейді. Оқыту әдісі белгілі бір ақпаратты ұсынады, білім алушыға ойдың

бағыты мен мазмұнын қамтамасыз етеді, заңдылықтарды түсінуге әкеледі, білім алушының психикалық және эмоционалды өзгерістерін тудырады. Бұл жіктеу оқыту әдістерінің бес тобының жүйесін ұсынады: түсіндірме-иллюстрациялық әдіс (білім алушылар мұқият тыңдайды, түсінеді, бақылайды, алынған ақпаратты есте сақтайды, жаңа біліммен кейбір практикалық әрекеттерді жасайды); репродуктивті әдіс (бұрын зерттелген қызмет әдістерін жаңғыртады); проблемалық баяндау (бейнелі эвристикалық әңгіме (дәріс) немесе жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеудің ауызша сипаттамасы ретінде жүзеге асырылады); ішінара-іздеу (эвристикалық әңгіме, пікірталас, әңгіме мен ішінара эксперименттің үйлесуі, эксперименттік жағдайды модельдеу және т.б.); зерттеу әдісі (талдау, синтездеу, оқу ақпаратын жалпылау, тұжырымдарды түсіндіру мен тұжырымдауды білім алушылардың өздері жүзеге асырады).

Оқу процесінде оқытудың осы әдістерінің әрқайсысы белгілі бір педагогтың жеке қабілеттерін ескере отырып қолданылады.

Педагогикалық әдебиетте білім алушылардың өзіндік шығармашылық ойлауын және стандартты емес кәсіби мәселелерді шешу қабілетін дамытуға бағытталған белсенді оқыту әдістері белгілі. Оқытудың бұл әдісінің мақсаты – кәсіби міндеттерді шешу үшін біліммен, дағдылармен және біліктермен қаруландыру ғана емес, сонымен қатар ойлау қабілетін, шығармашылық ойлау мәдениетін дамыту. Бұл әдістер білім алушылардың танымдық әрекетінің белсенділігімен, теорияның практикамен тығыз байланысымен, проблемаларды талдау және шешу әдістерін игеруге бағытталған және де ынтымақтастық пен бірлесіп жұмыс жасау атмосферасына, ойлау мен іс-әрекеттің өнімді стилін игеруге, рефлексияны дамуға ықпал етеді.

Белсенді әлеуметтік-психологиялық оқыту әдістері оқытудың басқа әдістерінен түбегейлі ерекшеленеді, олар қарым-қатынастың әртүрлі салаларында құзыреттілікті дамытуға, білім алушының белсенді оқу іс-әрекетінің әлеуметтік-психологиялық заңдылықтарын оқу немесе басқа мақсатты топта жүзеге асыруға бағытталған. Ресейлік зерттеуші Емельянов Ю.Н. белсенді топтық оқыту дегеніміз – оқу немесе мақсатты топтағы коммуникативтік процестерді (білім беру, танымдық, шығармашылық немесе психокоррекциялық міндеттердің мазмұнына қарамастан) жоспарланған түрде жандандырудың кез-келген әдісі деген анықтама ұсынады. Зерттеуші белсенді топтық әдістерді шартты түрде үш негізгі блокқа біріктіруді ұсынады: а) пікірталас әдістері (топтық пікірталас, практикадан оқиғаларды талдау, моральдық таңдау жағдайларын талдау және т.б.); б) ойын әдістері: дидактикалық және шығармашылық ойындар, оның ішінде іскерлік (басқару) ойындар; рөлдік ойындар (дұрыс мінез-құлықты үйрету, ойын психотерапиясы, психокоррекция); қарсы ойын (коммуникативтік мінез-құлықты танудың трансактілік әдісі); в) сенситивтік тренинг (тұлғааралық сезімталдықты және өзін психофизикалық бірлік ретінде қабылдауды үйрету) (Емельянов, 1985). Тағы бір ресейлік зерттеуші С. В. Петрушин белсенді әлеуметтік-психологиялық оқытудың негізгі әдістерін психологияның негізгі бағыттарына бөлуді және

тренинг-топтары, кездесу-топтары, психодрама, гештальт-психотерапиясы деп ұсынады.

Белсенді әлеуметтік-психологиялық оқыту әдістерін қолдану келесі міндеттерді көздейді:

1) психологиялық-педагогикалық және арнайы білімді меңгеру (мамандық бойынша оқытылатын пәнді білу);

2) жеке және кәсіби дағдыларды, әсіресе қарым-қатынас саласында қалыптастыру;

3) кез келген қызметтің және қарым-қатынастың табысты болуы үшін қажетті нұсқауларды түзету және дамыту;

4) өзін және айналасындағыларды барабар және толық тану қабілетін дамыту;

5) жеке қарым-қатынас жүйесін түзету және дамыту.

Оқытудың бұл әдісі эмоционалды қолдаумен және іс-әрекетке қатысушылардың өзара сенімімен; топтың барлық қатысушылары арасындағы қарым-қатынастың толыққанды процесі іске асырылумен; ойлау, өзін-өзі тану икемділігі, өзін-өзі бағалау; сабақтар серіктестік қарым-қатынас негізінде құрылумен; қатысушылар өз сезімдерін ашық білдірумен; табысты кәсіби өзін-өзі анықтау білім алушылардың мотивациясымен негізделген; нәтижелерге педагог те, топ мүшелері де жауапты болумен сипатталады; рефлексияны, инновацияны, өзін-өзі көрсетудің өзіндік тәсілдерін, шығармашылық бастама мен өнімді ойлауды қолдайды.

Зерттеу барысында біз белсенді оқыту әдістерін де, белсенді әлеуметтік-психологиялық оқыту әдістерін де қолдандық. Әдіс – бұл стратегия, ал тәсіл – бұл тілдік материалмен жұмыс жасаудың тактикасы деп түсінеміз. Бұл әдістер, біздің ойымызша, тұлғаның танымдық және коммуникативті белсенділігін дамытуға бағытталған. Біртұтас оқу процесін әдістемелік материалмен қамтамасыз ете отырып, біз елдегі билингвизм жағдайында білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту мақсатын көздедік.

Құзыреттілікті, оның ішінде екі тілдегі сөйлеу және тілдік құзыретті қалыптастыру, дамыту және билингвизм жағдайында білім алушылардың тілдік мүмкіндіктерін дамыту мәселелері ресейлік (Барышников, 2003), (Женжируха, 2011), (Щепилова, 2005), (Зеер және Заводчиков, 2013) және қазақстандық ғалымдардың (Алдабергенова, 1999), (Абдиева, 2004), (Ошакбаева, 2008), (Жетписбаева, 2009), (Қудайбергенова, 2010), (Досжанова, 2010), (Жукенова, 2010), (Қанафиева, 2010), (Салханова, 2010) зерттеулерінде көрініс тапқанын атап өткен жөн.

Қойылған мақсатқа тіл мен сөйлеу жүйесі туралы білімді пайдалану, кәсіби қызметтегі мәселелерді шешу үшін коммуникативтік-танымдық дағдыларды және сөйлеу-тілдік дағдыларды дамыту арқылы қол жеткізіледі. Қазақ және орыс тілдерін кәсіби деңгейде оқытудағы көзқарас таңдалған мамандықты меңгеру құралы ретінде болуы керек. Демек, әр оқу әрекетінде таңдалған мамандық

туралы ақпараттық көкжиекті кеңейту, білім алушылардың кәсіби сөздік қорын қосымша екі тілде жаңа терминдермен байыту бойынша жұмыс жүйелі түрде жүргізілуі қажет.

Әзірленген әдістемелік материалдар жоғарыда аталған оқыту әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылды. Тілдік құзыреттілік сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін дамытуды қамтиды: оқылым, жазылым, тыңдалым, сөйлесім.

Зерттеу әрекетінің эксперименттік бөлігін жүзеге асыру барысында сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша әртүрлі жұмыстар жүргізілді. Сонымен, даму кезінде:

– *оқылым*: өнімді оқу әдістемесі (өз пікірлеріңізді негіздеу қабілеті тапсырмалармен бірге жүретін әдеттегі сұрақтардың арқасында жасалады: «Неге бұлай ойлайсың (ойлайсыз, ойлайсыз)?», «Өз пікіріңді негізде», «Мәтіннен сөздермен раста» және т. б. мәтінді талдай отырып, білім алушылар автордың, оқырман мен баяндаушының көзқарасын, ұстанымын анықтайды); ғылыми билингвалды әдебиетті сауатты еркін оқуға үйрету және қажетті кәсіби ақпаратты алу; екі тілдің категориялық аппараты мен лексикалық материалына және т.б. сүйене отырып, кәсіби деңгейде қарым-қатынасқа үйрету;

– *жазылым*: аксиологиялық тақырыптың жобалық жұмысы: «Қазіргі кезеңдегі отбасылық құндылықтар жүйесінің динамикасы (Менің отбасымның мысалында)»; «Табыс күнделігі» - саналы түрде мақсат қою, өз қызметінің адамгершілік перспективаларын анықтау, қорытынды жасау қабілеттерін дамытады;

– *тыңдалым*: тапсырмалары бар білім алуда ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша жетекші педагог-дефектологтардың екі тілдегі дәрістері, мәтіндер; сөзталас – логикалық, лексикалық, грамматикалық дағдыларды дамытушы ғана емес, сонымен қатар тыңдалым қабілеттірен дамытады;

– *сөйлесім*: алдын-ала берілген мазмұн бойынша мамандық терминдерін қолдана отырып, кәсіби бағытталған тақырыптар бойынша монологтық мәлімдеме және дайын емес монологтық мәлімдеме (сипаттама, пайымдау, баяндау); әңгіме (ата-аналармен балаларының дамымауы (немесе ауытқуы) туралы әңгіме үлгілері ұсынылды) және т.б.

Практикалық сабақтарда мәтіндермен жұмыс жүргізіледі. Мәтін – бұл коммуникативті және танымдық бағытқа ие, дәйекті және өзара байланысты жазылған адам ойы. Оқу мәтіні – ақпараттың қуатты көзі және сөйлеу мен танымдық іс-әрекеттің әртүрлі түрлерін оқыту құралы. Сабақтарда мамандық бойынша оқулықтардан (ғылыми-оқу подстилі), ғылыми-әдістемелік журналдардан (ғылыми-көпшілік подстилі) мәтіндік материалдар белсенді пайдаланылады.

Елдегі билингвизм жағдайында болашақ арнайы білім беру маманының тілдік құзыреттілігін дамыту ұзақ, үздіксіз және қиын процесс, оны дамытудың көптеген әдістері бар. Тілдік мүмкіндіктерді дамыту жүйелі және оқу процесінің

барлық формаларымен жүргізілуі тиіс. Егер аудиториялық сабақтарда білім алушы топта және оқытушының бақылауымен жұмыс істесе, аудиториядан тыс уақытта ол алған білімі мен дағдыларын бекіту мақсатында өз бетінше жұмыс жасайды. Дөңгелек үстел, оқу семинарлары, тренингтер, мини-конференциялар, жобалық жұмысты қорғау, педагогикалық жағдаяттарды шешу, «Мен – дефектолог-биллингв» клубындағы жұмыс сияқты аудиториядан тыс іс-шаралар білім алушылардың үлкен қызығушылығын тудырады, онда білім алушы өзін жайлы сезінеді (төмен балл алуға қорықпайды).

Болашақ арнайы білім беру мамандарының тілдік құзыреттілігін дамыту технологиялары деп біз қоғамның, нарықтың қажеттіліктеріне сәйкес мақсатқа жетелейтін біртұтас оқу процесінде қолданылатын әдістер жиынтығын, формалар, тәсілдер мен құралдар жиынтығын түсінеміз. Зерттеуде біртұтас білім беру процесінде қазіргі оқыту теориялары үйлесімді түрде біріктірілуі керек деген көзқарасты ұстанамыз.

Қорытындылай келе, білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту жүйесінде оқыту әдістерін іске асырудың қатаң шеңбері жоқ екенін атап өтеміз. Бұл әр педагогтың даралығын сипаттайтын шығармашылық процесс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

Абдиева Ш.Д. (2004). Жоғары заң орындары студенттерін қазақша сөйлеуге үйрету әдістемесі. Пед.ғ.к.дисс. Абай атындағы ҚазҰПУ. Алматы, 152 б.

Алдабергенова Г.Д. (1999). Исследование влияния билингвизма на развитие личности детей. Дисс.к.фил.н. Алматы, 150с.

Барышников Н.В. (2003). Методика обучения второму иностранному языку в школе. / Н.В. Барышников – М.: Просвещение, – 211 с.

Голованова, Н. Ф. (2020). Педагогика : учебник и практикум для среднего профессионального образования / Н. Ф. Голованова. – 2-е изд., перераб. и доп. – Москва: Издательство Юрайт, – 377 с.

Досжанова С.Е. (2010). Формирование коммуникативной компетентности как условие успешной реализации личности студента. Пед.ғ.к.дисс. Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау, 153 с.

Емельянов Ю.Н. (1985). Активные методы социального обучения/ Ю. Н. Емельянов. – Л.

Женжируха Р.И. (2011). Формирование социокультурной компетентности специалистов таможенных служб средствами социально-психологического тренинга: дис.к.пед.наук: 13.00.08/ Женжируха Руслан Игоревич. – М.: – 210 с.

Жетписбаева Б.А. (2009). Теоретико-методологические основы полиязычного образования. Дисс.докт.н. Караганда, 370 с.

Жукенова А.К. (2010). Речевые стратегии коммуникантов в условиях естественного и искусственного билингвизма. Дисс.к.фил.н. Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова. Кокшетау, 131 с.

Зеер, Э.Ф., Заводчиков, Д.П. (2013). Практика формирования компетенций: методологический аспект. / Э.Ф. Зеер, Д.П. Заводчиков. – М.: – 139 с.

Коджаспирова Г.М. (2020). Педагогика: учебник для среднего профессионального образования / Г.М.Коджаспирова. – 4-е изд., перераб. и доп. – Москва: Издательство Юрайт, – 719 с.

Кудайбергенова К.С. (2010). Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері: 13.00.01 пед.ғыл.канд.дисс.: Алматы. – 2010. – 257 б.

Қанафиева К.Қ. (2010). Жоғары оқу орындарында интерактивті оқыту арқылы тілдік тұлға қалыптастырудың дидактикалық шарттары. Пед.ғ.к.дисс. Евразиялық гуманитарлық институты. – Астана. – 163 б.

Ошакбаева Ж.Б. (2008). Прагматическая составляющая языковой компетенции во втором языке. Дисс.к.фил.н. КазГУ им. А. Фараби. – Алматы. – 132 с.

Педагогика: педагогические теории, системы, технологии: (2001) Учебник для студ. высш. И сред. пед. учеб. заведений / С.А. Смирнов, И.Б. Котова, Е.Н.Шиянов и др.; Под ред. С.Л.Смирнова. – 4-е изд., испр. – М.: Издательский центр «Академия», – 512 с.

Подласый И.П. (1999). Педагогика. Новый курс: Учебник для студ. пед. вузов: в 2 кн. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, – Кн. 1: Общие основы. Процесс обучения. – 576 с.

Савенков, А.И. (2020). Педагогика. Исследовательский подход. В 2 ч. Часть 2: учебник и практикум для вузов / А.И.Савенков. – 2-е изд., испр. и доп. – Москва: Издательство Юрайт, – 187 с.

Салханова Ж.Х. (2010). Теоретические основы развития коммуникативной языковой компетенции в условиях непрерывного полилингвального образования. Дисс.докт.н. НАН им. Ы.Алтынсарина. – Алматы. – 344 с.

Сластенин В.А. и др. (2002). Педагогика: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В. А. Сластенин, И. Ф. Исаев, Е. Н. Шиянов; Под ред. В.А. Сластенина. – М.: Издательский центр «Академия», – 576 с.

Щепилова, А.В. (2005). Теория и методика обучения французскому языку как второму иностранному /А.В. Щепилова // Учеб. пособие для студентов вузов. – М.: Гуманитар. изд. Центр ВЛАДОС, – 245 с.

References

Abdieva Sh.D. (2004). Zhogary zan oryndary studentterin qazaqsha sojleuge ujretu adistemesi. Ped.g.k.diss. Abaj atyndagy QazUPU. Almaty, 152 b.

Aldabergenova G.D. (1999). Issledovanie vlijaniya bilingvizma na razvitie lichnosti detej: Diss.k.fil.n. Almaty, 150 s.

Baryshnikov N.V. (2003). Metodika obuchenija vtoromu inostrannomu jazyku v shkole. / N.V. Baryshnikov – М.: Prosveshhenie, – 211 с.

Golovanova, N. F. (2020). *Pedagogika : uchebnik i praktikum dlja srednego professional'nogo obrazovanija* / N. F. Golovanova. — 2-e izd., pererab. i dop. — Moskva : Izdatel'stvo Jurajt, — 377 s.

Doszhanova S.E. (2010). *Formirovanie kommunikativnoj kompetentnosti kak uslovie uspešnoj realizacii lichnosti studenta*. Ped.f.k.diss. H.Dosmuhamedov atyndary Atyrau memlekettik universiteti, Atyrau, 153 s.

Emel'janov Ju.N. (1985). *Aktivnye metody social'nogo obuchenija* [Tekst] / Ju. N. Emel'janov. - L.

Zhenzhiruha R.I. (2011). *Formirovanie sociokul'turnoj kompetentnosti specialistov tamozhennyh sluzhb sredstvami social'no-psihologicheskogo treninga*: dis. ... kand. ped. nauk: 13.00.08 / Zhenzhiruha Ruslan Igorevich. – M.: – 210 s.

Zhetpisbaeva B.A. (2009). *Teoretiko-metodologicheskie osnovy polijazychnogo obrazovanija*. Diss.dokt.n. Karaganda, 370s.

Zhukenova A.K. (2010). *Rechevye strategii kommunikantov v uslovijah estestvennogo i iskusstvennogo bilingvizma* (Tekst). Diss.k.fil.n. Kokshetauskij universitet im. Sh. Ualihanova. Kokshetau, 131 s.

Zeer, Je.F., Zavodchikov, D.P. (2013). *Praktika formirovanija kompetencij: metodologicheskij aspekt*. / Je.F. Zeer, D.P. Zavodchikov – M.:– 139 s.

Kodzhaspirova, G. M. (2020). *Pedagogika : uchebnik dlja srednego professional'nogo obrazovanija* / G. M. Kodzhaspirova. – 4-e izd., pererab. i dop. – Moskva: Izdatel'stvo Jurajt, – 719 s.

Kudajbergenova K.S. (2010). *Quzyrlylyqtyn pedagogikalık kategorija retinde damuynyn teorijalyk-adisnamalyk negizderi* : 13.00.01 ped.gyl.kand.diss. : Almaty.- 2010, 257 b.

Kanafieva K.K. (2010). *Zhořary oқu oryndarynda interaktivti oқytu arkyly tildik tylra kalıptastyrudıń didaktikalık sharttary*. Ped.f.k.diss. Evrazijalyk gumanitarlyk instituty. Astana, 163 b.

Oshakbaeva Zh.B. (2008). *Pragmaticeskaja sostavljajushhaja jazykovej kompetencii vo vtorom jazyke* (Tekst). Diss.k.fil.n. KazGU im. A. Farabi. Almaty, 132s.

Pedagogika: pedagogicheskie teorii, sistemy, tehnologii: (2001) Uchebnik dlja stud. vyssh. i sred. ped. ucheb. zavedenij / S.A. Smirnov, I.B. Kotova, E.N. Shijanov i dr.; Pod red. S.L. Smirnova. - 4-e izd., ispr. - M.: Izdatel'skij centr «Akademija», - 512 s.

Podlasyj I.P. (1999). *Pedagogika. Novyj kurs: Uchebnik dlja stud. ped. vuzov: v 2 kn.* - M.: Gumanit. izd. centr VLADOS, – Kn. 1: Obshhie osnovy. Process obuchenija. – 576 s.

Savenkov, A. I. (2020). *Pedagogika. Issledovatel'skij podhod. V 2 ch. Chast' 2* : uchebnik i praktikum dlja vuzov / A.I.Savenkov. – 2-e izd., ispr. i dop. – Moskva: Izdatel'stvo Jurajt, – 187 s.

Salhanova Zh.H. (2010). Teoreticheskie osnovy razvitija kommunikativnoj jazykovej kompetencii v uslovijah nepreryvnogo polilingval'nogo obrazovanija. Diss.dokt.n. NAN im. Y.Altynsarina, Almaty, 344 s.

Slastenin V.A. i dr. (2002). Pedagogika: Ucheb. posobie dlja stud. vyssh. ped. ucheb. zavedenij / V.A.Slastenin, I.F.Isaev, E.N.Shijanov; Pod red. V.A. Slastenina. - M.: Izdatel'skij centr "Akademija", - 576 s.

Shhepilova, A.V. (2005). Teorija i metodika obuchenija francuzskomu jazyku kak vtoromu inostrannomu / A.V. Shhepilova // Ucheb. posobie dlja studentov vuzov. – M.: Gumanitar. izd. centr VLADOS, – 245 s.

Ways to develop the language competence of future speech pathologists in the context of bilingualism

ZHUBATYROVA Botagoz Tanzharbayevna

PhD student of the specialty 6D010500-Defectology of
Abai Kazakh national pedagogical University
Almaty/Kazakhstan

Abstract. *This article discusses the ways of teaching students in the chosen specialty in two languages. It is a natural phenomenon to demand from the branches of science research that meets the socio-social demand of its time. This also applies to the problem of developing the language competence of future speech pathologists in the context of bilingualism, which is the core of research work. The rapid development of the country's economy and the international cultural sphere also places a lot of demands on future specialists preparing for the labor market. For the education of a versatile personality of teenagers with deep knowledge, the future specialist must also be a professionally competent specialist himself. It is noted that one of the indicators is a specialist who speaks several languages. The article analyzes the concepts of «teaching method», «active teaching methods» and «methods of active socio-psychological training». The paper notes the importance of studying the teachings on the bilingual competence of students in the context of globalization. This article it is noted that the goal is to develop the language competence of future specialists, achieved by using knowledge about the system of language and speech, the development of communicative and cognitive skills and speech-language skills to solve problems in professional activities. The approach to the study of the Kazakh and Russian languages on a professional-oriented basis is considered as a means of mastering the chosen specialty.*

Keywords. *Competence, language competence, bilingualism, teaching methods, techniques, types of speech activity.*

Пути развития языковой компетенции будущих дефектологов в условиях билингвизма

ЖУБАТЫРОВА Ботагоз Танжарбаевна

Докторант специальности 6D010500-Дефектология Казахского
национального педагогического университета имени Абая
Алматы/Казахстан

